

NASEC

НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫШ АРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



Ы. ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
КҮРІШ АРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ
ЗЕРТТІК ОРТАЛЫҒЫ




ҚЫЗЫЛОРДА БІЛІМ ТАРАТУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЗНАНИЙ

ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

тақырыбы: «Су ресурстарын тиімді пайдалану және күріш
шаруашылығын тұрақты дамыту»
«Су үнемдеу технологиялары» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«11» қараша 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын: Қызылорда қаласы, Қармақшы ауданы,
Дүрөңғар ауылдық округі, «Жаңа жол» ЖШС

Эксперт:  (қолы) **Өмірзақов С.Ы.**

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ-ның
Басқарма Төрағасы  Тәуіпбаев С.Т.



(қолы), М.О.

Қармақшы ауданында су ресурстарын тиімді пайдалану және күріш шаруашылығын тұрақты дамыту жөніндегі консультациялық жұмыс

1) Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері

Қармақшы ауданы жағдайында ірі ұжымдық шаруашылықтың экономикалық тұрақтылығын сақтай отырып, су ресурстарын тиімді пайдалану және ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыруды қалай ұйымдастыруға болады?

2) Қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары

Қармақшы ауданындағы «Жаңа жол» ЖШС – кооперативтік ұйымдастыру мен жеке қосалқы шаруашылықты (ЛПХ) ұштастыра жүргізудің тиімді үлгісі болып табылады. Шаруашылықтың негізгі бағыты – күріш егу, өңдеу және сату. 3500 гектар күріш алқабынан жыл сайын орта есеппен 24,5–25,0 мың тонна өнім алып, шамамен 3 млрд теңгеге жуық табыс табуы – дұрыс басқару мен тиімді агротехникалық шаралардың нәтижесі.

Су тапшылығы жағдайында шаруашылық су үнемдеу технологияларына ерекше мән беріп отыр. Атап айтқанда, егістік жерлер толықтай лазерлік тегістегіштермен тегістелген, жыл сайын эксплуатациялық тегістеу жүргізіледі. Ішкі суару жүйелерінде өз күштерімен дайындалған лотоктар мен темір-бетон плиталарын қолдану суды жоғалтпай жеткізуге мүмкіндік беруде.

Сонымен қатар, шаруашылық экономиканы әртараптандыру бағытында алма бағы, көкөніс дақылдары, консервілеу цехы және заманауи қойма салу арқылы ауыл тұрғындарын, оның ішінде әйелдерді жұмыспен қамтып отыр. Алма бағында тамшылатып суару технологиясы қолданылғанымен, топырақтың тұздылығы мен жоғары температура салдарынан күтілген нәтиже бермей отырғаны анықталды. Осыған байланысты дәстүрлі арықшалап суару әдісін қолдану ұсынылды.

Кездесу барысында суару жүйелеріндегі лотоктарды карталық оросительдерге тиімді орналастыру, каналдар мен оросительдердегі қамыстармен күресу, гербицидтерді дұрыс таңдау және қолдану технологиялары, сондай-ақ қамыстардың судың булануына (эвтранспирация) және ағын жылдамдығына тигізетін кері әсері жан-жақты түсіндірілді. Қысқы кезеңде су мамандарын қайта оқыту, су беру режимін қатаң сақтау және жергілікті жағдайға бейімделген сорттарды таңдау мәселелері бойынша да кеңес берілді.

3) Ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже

«Жаңа жол» ЖШС тәжірибесі көрсеткендей, су тапшылығы жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін су үнемдеу технологияларын енгізу, ішкі суару инфрақұрылымын жетілдіру, агротехникалық талаптарды қатаң сақтау және өндірісті әртараптандыру қажет. Ғылыми негізделген кеңестерді жүйелі түрде қолдану шаруашылықтың экономикалық тиімділігін арттырып қана қоймай, ауылдың әлеуметтік дамуына және тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға нақты мүмкіндік береді

4) Фотосуреттер

